

**Қазақ тілі мен әдебиет
сабақтарында мәтін арқылы
оқушылардың тілін дамыту.**



Мәтінмен жұмыс – сабақта өтілетін әр түрлі жұмыстардың жиынтығы



Олар:

- 1. Дыбыстармен жұмыс;**
- 2. Сөздіктермен жұмыс;**
- 3. Сөздік қорларын жетілдіру;**
- 4. Тіл дамыту;**
- 5. Ауызша сөйлеу білуге дағдыландыру.**

Мәтінмен жұмыс істеу мынадай кезеңдерге бөлінеді:

- **Мәтінді оқығанға дейінгі жұмыс;**
- **Мәтінмен жұмыс кезеңі;**
- **Мәтіндік кезең;**
- **Мәтінді оқығаннан кейінгі кезең;**

Сөз тіркестерін тауып оқу:
а) зат есім+ сын есім,
ә) зат есім + етістік

Мәтіннен 3 ой жүйесін тауып оқу.

Суретке байланысты үзіндіні тауып оқу.

Сөйлем бойынша тізбектеп оқып, аудару.

Мәтінмен жұмыс.

Бейнелеу – образдау жерін оқу.

Бөлімге бөліп оқу, жоспар құру.

Мәнерлеп оқыту (сайыс түрінде)

Әңгіме, өлеңнің көркем жерін оқу.

Мақал- мәтелге сәйкес келетін бөлігін оқу.

Мәтінді түгел оқу

Мәтіндік кезең.

1. Мәтінді мағынасына қарай бөлуге арналған жаттығулар

- ❖ мәтінді оқып, оны мағынасына бөліп, әр біреуіне тақырып ойластыру;
- ❖ мәтінді оқып, мағынасын ашатын сұрақтар оқу.

2. Мәтінде мағыналы тірек сөздерді анықтауға арналған жаттығулар

- ❖ абзацтарды оқып, тіректі сөйлемдерді табу;
- ❖ абзацтарды оқып, сөйлемдердегі негізгі ойды анықтау;
- ❖ абзацтардан сөз таптарын тауып айтқызу.

Мәтінді оқығаннан кейінгі кезең.

- **Логикалық сұрақтар;**
- **Сөздік жұмыстар;**
- **Фонетикалық жаттығулар;**
- **Сөйлем құру;**
- **Мәтінге жоспар құру;**
- **Аударым;**
- **Мәтінге ат қою;**
- **Диалог, ситуация құру;**
- **Мәтінің мазмұнын жоспар бойынша айту;**

Мәтіннен кейінгі жұмыс түрлері.

Мәтіннің мазмұнын қалай түсінгенін анықтау жаттығулары

- - ең басты мәтіндегі мағынасын түсіндіріңдер;
- - мәтіндегі тақырыпты ауыстырыңдар және қандай тақырып дұрыс келетінін анықтаңдар;
- - реферат жазыңдар, сұрақтарға жауап жазу;
- - мәтінді оқып, қандай керекті жаңа мағлұмат алғандарыңды айтыңдар.

**Мәтінді оқуға
үйрету
технологиясы
немесе оқыта
үйрету ойындары.**

«Аукцион» оқыта үйрету ойыны.

Жүргізуші өтілген тақырып бойынша сынып оқушыларына арнап сұрақтар дайындайды. Ойынды жүргізуші үшін гонг қажет. Жүргізуші аукцион өткізеді, сұрақтар қояды, жауаптарға түсініктеме беріп, бағалайды, жеңімпазды анықтайды. Дұрыс жауаптары үшін неғұрлым фишка жинаған оқушы жеңімпаз болады.

« Мәтін бөліктері» оқыта үйрету ойыны.

Оқушылар мәтінді оқиды. 4 топқа бөлінеді: 1- «кіріспе»; 2- «негізгі ой»; 3- «қорытынды»; 4- толықтыру. «Толықтыру» тобы әрбір топтан кейін сөз алады. Ойыннан соң, мәтінді тағы қарап шығып, берілген ақпаратпен салыстырамыз, қай топтың нақты айтқанын анықтаймыз.

« Даналық ағаш» оқыта үйрету ойыны.

Оқушылар мәтінді жылдам, мұқият оқиды. Енді әрқайсысы мәтін бойынша қиын сұрақ құрап, қағазға жазады. Жүргізушінің қолында сандықша болуы тиіс, соған оқушылар кезегімен өз сұрақтарын салады. Әр оқушы сандықшадан сұрақ жазылған қағаз алып, дауыстап неғұрлым толық жауап беруі тиіс.

Әңгімені құрылысына қарай талдау

- **1. Әңгіменің аты**
- **2. Әңгіменің тақырыбы**
- **3. Әңгіменің құрылысы, негізгі оқиғасы**
- **4. Дамуы**
- **5. Кейіпкерлер. Олардың іс-әрекеттері**
- **6. Жазушының көркемдік әдісі мен тәсілі (баяндау, сипаттау, портреттеу)**

Өлеңнің құрылысына қарай талдау

- **1. Өлеңнің тақырыбын, идеясын ашу.**
- **2. Өлеңнің негізгі ойы, ақынның түпкі мақсаты неде болды ?**
- **3. Өлең неше шумақтан тұрады ?**
- **4. Өлеңнің шумақтары неше тармақтан ?**
- **5. Өлеңнің бунақтары қанша ?**
- **6. Қандай ұйқас түрі ?**